



Бектепов Әбдіхалық
 1919 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданы Еңбекші ауылдық кеңесіне қарасты «Тельман» колхозында туған. 1941 жылы маусымда Торғай АӘК-нан әскерге шақырылып, соғыста 1046 –атқыштар полкі құрамында қатардағы жауынгер болған. 1944 жылы мамыр айында жараланып, әскер қатарынан босап елге келген. «Ленин» атындағы колхозда, кейін 1963 жылдан бастап «Родник» совхозында шопан болып жұмыс істеген. Еңбегі бағаланып, үкімет тарапынан Құрмет грамоталарға ие болған. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін «Жауынгерлік еңбегі үшін» және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. 1995 жылы қайтыс болған.